

Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Тінәлі ауылы аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 мамырдағы N 145 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 3 маусымда N 7-2-120 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 20 маусымдағы N 158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық әкімдігінің 2011.06.20 N 158 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 24 мамырдағы N 326 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Тінәлі ауылы аумағына ірі қара малының арасында аусыл ауруы шығуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық р е ж и м і б е л г і л е н с і н .

2. "Ақжайық ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы М. Сердалин, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы К. Ермұқашев (келісім бойынша), Ақжайық ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы А. Абуғалиев (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті "Ақжайық ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Т. Сүлейменова (келісім бойынша) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қ а ж е т т і ш а р а л а р д ы а л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Рахымжановқа жүктелсін.

КЕЛІСІЛДІ:

31.05.2011 ж.

31.05.2011 ж.

31.05.2011 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК